*in accordance with the TRIPS agreement, especially with regard to border control measures. To achieve this goal, this agreement analyzes the provisions on border measures, as well as analyzes the application of the "ex–officio" principle by the customs authorities of the member states of the Eurasian Economic Union (EAEU) for the protection of intellectual property. When writing the article, such scientific methods as analysis, observation, clarification were used. The authors of the article used the works of domestic and foreign scientists who studied this area. At the end of the article, it was concluded that in the EAEU countries it is necessary to further strengthen the formation of common standards in the regulation of objects of intellectual property rights at the border.*

***Keywords:*** *intellectual property, WTO, EAEU, TRIPS Agreement, counterfeit goods, border measures, ex–officio.*

**DOI: 10.52026/2788-5291_2022_71_4_204**

**Кіріспе**

Зияткерлік меншік құқығының бұзылуы тауар белгісімен заңсыз сәйкестендірілетін, әдеби шығарманы немесе дизайнды заңсыз шығаратын, сондай-ақ қорғалған патентті білдіретін тауарларда негізінде көрініс табады. Бұл бұзушылықтар келісімшарттық, сондай-ақ, көбінесе келісімшарттық емес қатынастар аясында орын алуы мүмкін. Әр мемлекетте олардың сипаттамаларына және қолданыстағы заңнамасына байланысты зияткерлік меншік құқықтарын бұзу қылмыстық немесе азаматтық сот тәртібімен қудалануы мүмкін. Кез келген жағдайда, контрафактілі болып табылатын тауарлар халықаралық нарықта сатылымға шығады, сондай-ақ олар бір елден шығып, екінші елге кіру үшін кеденнен өтуі керек [1]. Осыған байланысты шекарада зияткерлік меншік құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету күрделі, әрі көкейкесті мәселеге айналып отыр.

Шынында да, контрафактілік тауарлармен сауданы тоқтатуға байланысты ұмтылыстар ГАТТ бойынша келіссөздердің негізінде болды, соның нәтижесінде ТРИПС Келісімі жасалды [2]. Аталған келісімнің ережелеріне сәйкес ДСҰ-ның құрамындағы мемлекеттер контрафактілік тауарларды әкелінгендігіне күдіктенуге, құзыретті органдарға кеден органдарының сол секілді тауарларды еркін айналымға шығаруды тоқтата тұруы туралы өтінішті беруге негізі бар құқық иеленушіге мүмкіндік беретін шараларды қабылдайды. Бұл ережелер ұлттық заңнамаға өзгерту енгізу немесе оларды тікелей қолданудан бас тартатын мүше мемлекеттер ДСҰ-ның аталған келісіміне сәйкес санкцияларға ұшырауы мүмкін. Қазақстан да ДСҰ-ның мүшесі ретінде заңнамалық және атқарушы тетіктердің көмегімен шекаралық шаралар арқылы зияткерлік меншікті қорғауды күшейтуге атсалысады.

**Әдістер мен материалдар**

Мақаланы зерттеу барысында еліміздің қазіргі уақытта қолданылатын «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының №123-VI Кодексі, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік реттеу және кәсіпкерлік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 5 қаңтардағы Қазақстан Республикасының №407-VI ҚРЗ Заңы пайдаланылды. Сондай-ақ, ДСҰ шеңберінде 1994 жылы 15 сәуірде қабылданған «Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімі», 2017 жылы 11 сәуірде қабылданған «Еуразиялық экономикалық одақтың кеден кодексі туралы шарт» т.б. бар.

Зерттеу тақырыбына талдау жүргізу барысында нормативтік, салыстырмалы-құқықтық, теориялық талдау және қорытындылау, жүйелік және функционалды ұстанымдар тәрізді әдістер кеңінен қолданылды.

**Талқылаулар**

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан үшін зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды қарастыратын Кедендік бақылау саласындағы кейбір тұжырымдамалық және жаңа рәсімдік талаптарды қамтитын ЕАЭО Кеден кодексі күшіне енді. Кедендік операциялар мен оларды жасау тәртібі ЕАЭО заңнамасымен, ал кейбір жағдайларда ЕАЭО Кеден кодексі ұлттық заңнамаға сілтеме нормаларын қамтиды. ЕАЭО Кеден кодексі кедендік рәсімдерді оңайлату және үйлестіру туралы Киото Конвенциясының және ДСҰ-ның сауда рәсімдерін оңайлату туралы Бали келісімі ережелерін қоса алғанда, кедендік әкімшілендірудің озық халықаралық тәжірибесіне негізделеді. ЕАЭО Кеден кодексін дайындау кезінде Кеден одағының

және кедендік реттеу саласындағы бірыңғай экономикалық кеңістіктің қолданыстағы шарттық-құқықтық базасы кодификацияланып қана қоймай, қолданыстағы талаптар мен халықаралық стандарттарды ескере отырып, ЕАЭО Кеден кодексінде өзектендірілді[2].

2018 жылғы 1 қаңтарында «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» № 123-VI ҚРЗ Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) күшіне енді[3]. Кодексті қабылдаудың негізгі мақсаты Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне (бұдан әрі – ЕАЭО Кеден кодексі) сәйкес келтіру болғандықтан, Кодекске ЕАЭО Кеден кодексінің ережелері имплементацияланды.

Кодекс ЕАЭО Кеден кодексінің тиісті ережелерін нақтылайтын зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау жөніндегі шараларға арналған 53-тарауды қамтиды. Ол кеден органдары қолданатын айрықша құқықтарды қорғау жөніндегі негізгі шара зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміндегі мәліметтер негізінде тауарларды шығаруды тоқтата тұрумен байланысты. ЕАЭО Кеден кодексіне сәйкес мүше мемлекеттің кеден органдары мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізіліміне және осындай мүше мемлекеттің кеден органдары жүргізетін зияткерлік меншік объектілерінің ұлттық кедендік тізіліміне енгізілген зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау жөнінде шаралар қабылдайды (384-баптың 5-тармағы)[4].

Объектіні зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізіліміне қосу үшін ЕАЭО-ның барлық елдерінің кеден органдарымен келісу қажет. Осыған ұқсас ереже кедендік реттеу туралы қазақстандық заңда да көзделген. Қазақстан заңнамасы бойынша кеден органдары қорғау мерзімін зияткерлік меншік объектілері ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізіліміне не кедендік тізілімге енгізілген кезде, құқық иеленуші өтінішінде көрсеткен мерзімді, сондай-ақ өтінішке қоса берілетін құжаттардың қолданылу мерзімдерін ескере отырып белгілейді, бірақ ол осындай тізілімдерге енгізілген күннен бастап екі жылдан аспауы тиіс (464-бабының 1-тармағы). ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізіліміне енгізілуі мүмкін зияткерлік меншік объектілеріне авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілері, тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары жатады (459 бабының 3-тармағы)[5]. Сондай-ақ, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасында тізілімдерге енгізілген күннен бастап екі жылдан аспауға тиіс, ал Ресей Федерациясында бұл мерзімді құқық иесі көрсетеді және де ол кеден тізіліміне енгізілген күннен бастап үш жылдан аспайды[6].

Рәсімдерді едәуір қиындататын факторлардың бірі, ол зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміне енгізу барысында кепілдікті қамтамасыз ету немесе оған тең кепілдік беру шарты болып табылады. Құқық иесінен кепіл немесе кепілдік талап ету құқығы ТРИПС Келісімінің (53-бабы) талаптарында көзделген. Кепіл немесе баламалы кепілдік қажеттілігі құқық иеленушінің заңсыз әрекеттерінің кінәсінен кеден органдарының іс-әрекеттерімен декларантқа материалдық залал келтірілетін жағдайдың ықтималдығына негізделеді.

Зияткерлік меншік объектілерін зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізіліміне қосу үшін кем дегенде он мың еуроға тең сақтандыру полисін ұсыну қажет. Бұл саясат ЕАЭО-ның барлық елдерінде жарамды болуы тиіс. Егер барлық елдерде

---

[2] *Информация о вступлении в силу таможенного кодекса евразийского экономического союза. [Электрон. ресурс]. – Қатынау режимі: https://www.asmap.ru/upload/iblock/48d/48de46e209dc2fd2a73de624b4b6b5f7.pdf*

[3] *«Қазақстан Республикасындағы Кедендік реттеу туралы» 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының № 123-VI ҚРЗ Кодексі (2022.14.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). [Электрон. ресурс]. – Қатынау режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37798706#activate_doc=2*

[4] *«Таможенный кодекс Евразийского экономического союза» (ред. от 29.05.2019) (приложение N 1 к Договору о Таможенном кодексе Евразийского экономического союза). [Электрон. ресурс]. – Қатынау режимі: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_215315/33b5080ee677237c8f318590b58048b6347fdcdb/*

[5] *«Қазақстан Республикасындағы Кедендік реттеу туралы» 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының № 123-VI ҚРЗ Кодексі (2022.14.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). [Электрон. ресурс]. – Қатынау режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37798706#activate_doc=2*

[6] *Порядок включения объектов интеллектуальной собственности в национальные таможенные реестры государств – членов Евразийского экономического союза. [Электрон. ресурс]. – Қатынау режимі: http://www.eurasiancommission.org/ru/act/finpol/dobd/intelsobs/Documents/%D0%9D%D0%B0%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%BD%D0%B0%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D1%8B%D0%B5%20%D1%82%D0%B0%D0%BC%D0%BE%D0%B6%D0%B5%D0%BD%D0%BD%D1%8B%D0%B5%20%D1%80%D0%B5%D0%B5%D1%81%D1%82%D1%80%D1%8B.pdf*

жарамды полисті алу мүмкін болмаса, онда ЕАЭО-ның барлық мемлекеттерінде жиынтығында қолданылатын бірнеше полистерді алу қажет [3]. Алайда, бұл зияткерлік меншікке қатысты құқықтарды кедендік қорғаудың әртүрлі деңгейіндегі шығындардың бірдей деңгейі ТРИПС Келісімінің кепілдік пропорционалдығы туралы талабына қайшы келеді және осы жағдайды ЕАЭО шеңберінде қайта қарастыру қажет.

ТРИПС Келісімінің 4-бөлімнің ең маңызды ережесінің бірі 58 - бабындағы – «ex officio әрекеттері» болып табылады. Бұл өкілеттіктер «ex officio» іс-әрекеттерінен тұрады, егер қызметкерлер зияткерлік меншіктің бұзылғандығы туралы prima facie дәлелдеріне ие болса, тауарларды шығаруды тоқтата тұру туралы тәуелсіз шешім қабылдауды білдіреді[7].

М.С.Е.Дж. Бронкерз, Д.В.Ф. Веркад, Н.М. МакНелистің бірлескен жұмысында «Шекарадағы шараларды билік өз бастамасы бойынша да қабылдауы мүмкін (ex officio), бірақ олар мұндай шараларды қабылдауға міндетті емес. Осыған байланысты ТРИПС Келісімі билік құқық иесінен осы өкілеттіктерді жүзеге асыруда оларға көмектесе алатын кез-келген ақпаратты талап ете алатындығын көрсетеді» - деген ой білдіреді [4].

«Ex officio» өкілеттіктеріне қатысты ЕАЭО елдерінің ұлттық заңдарын салыстыра отырып, қазақстандық заңнамадан басқа, объектілер тізілімге енгізілмеген жағдайда тауарларды шығаруды тоқтата тұру мүмкіндігіне ресей заңнамасы бойынша жол берілетінін де атап өтуге болады. Қазіргі уақытта Беларусь Республикасын қоспағанда, мүше мемлекеттердің барлық кеден органдары «ex-officio» өкілеттіктеріне ие[8]. «Ex officio» өкілеттігін қолданбағандықтан, ЕАЭО-ның кедендік аумағына алып келінген тауарлар мүше елдер арасында одан әрі еркін тасымалданады [5]. Осылайша, ЕАЭО-ның кедендік аумағына «ex officio» - өкілеттіктерін қолданудағы айырмашылықтар айқын көрінеді және бұл өкілеттікті қолдануды міндеттейтін норманы заңнамалық деңгейде енгізу қажет. Сонда ғана бұл норма кеден органдарына зияткерлік меншікті қорғау саласындағы туындаған құқық бұзушылық әрекеттеріне қатысты тиісті шараларды қолдануға мүмкіндік береді.

ЕАЭО мен ДСҰ нормаларының арасындағы қайшылықтардың туындау қаупі іс жүзінде бар, өйткені олардың реттеу салалары бір-біріне сәйкес келеді. Сонымен қатар, ЕАЭО-ға мүше елдер ДСҰ-ға әртүрлі шарттар негізінде кіргенін, сондай-ақ Беларусь Республикасы әлі күнге дейін ДСҰ-ға мүше болмағанын ескеру қажет. Тиісінше, ДСҰ және ЕАЭО шеңберінде мемлекеттердің өзіне алған халықаралық міндеттемелері сәйкес келмейді. Атап айтқанда, Қазақстанның ДСҰ-ға кіруінің негізгі шарттарының бірі ретінде бірқатар тауарлық ұстанымы бойынша тарифтік міндеттемелер – ЕАЭО-ның Бірыңғай кедендік тарифі шеңберінде ДСҰ жағдайында алып келу мөлшерлемесі қолданыстағы кедендік баждардан төмен болатын алып қоюлар тізбесі болып табылады. Қазақстан Республикасының ДСҰ және ЕАЭО бойынша міндеттемелерінің арасындағы аталған алшақтықты ескере отырып, ЕАЭО шеңберінде Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға кіруінің құқықтық салдарын реттейтін бірқатар құжаттар қабылданды, атап айтқанда: 2015 жылғы 16 қазанда Бурабайда жасалған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында тауарларды әкелу мен айналыстың кейбір мәселелері туралы хаттамасы; «Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуына байланысты кейбір мәселелер туралы» Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 16 қазандағы № 22 шешімі; «Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу шарты ретінде қабылданған міндеттемелерге сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі баждарының мөлшерлемелерімен салыстырғанда неғұрлым төмен кедендік алып келу баждарының мөлшерлемелерін және осындай баж мөлшерлемелерінің мөлшерлерін қолданатын тауарлардың тізбесі туралы» Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 59 шешімі; «Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуына байланысты Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында тауарларды алып келу мен олардың айналысының кейбір мәселелері туралы» Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 5 шешімі[9]. Қабылданған құжаттарға сәй-

---

*[7] Agreement on Trade-Related Aspects of Intellectual Property Rights, 1994. [Электрон. ресурс]. – Қатынау режимі: https://wipolex.wipo.int/en/text/379915*

*[8] Отчет о состоянии правоприменительной практики в сфере защиты прав на объекты интеллектуальной собственности в Евразийском экономическом союзе за 2020 год. [Электрон. ресурс]. – Қатынау режимі: https://u.to/zD0OHA*

*[9] Обязательства Республики Казахстан в ВТО. [Электрон. ресурс]. – Қатынау режимі: https://atameken.kz/ru/pages/449-perechen-iz-yatij-v-sootvetstvii-s-obyazatel-stvami-respubliki-kazahstan-v-vto*

кес Қазақстан Республикасы Бірыңғай кедендік тарифтен алынатын тауарлардың тізбесіне енгізілген тауарларды ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің аумағында, олар төмендетілген кедендік баждар бойынша алып келінген жағдайда алып кетуге жол бермеу жөнінде қажетті шаралар қабылдауға міндеттеме алды.

Аталған жағдайға сәйкес ЕАЭО шеңберінде кедендік-тарифтік реттеуді жүзеге асырудың бірыңғай құқықтық негізін қамтамасыз ету мақсатында кедендік баждарының мөлшерлемелерін төмендету жөніндегі ДСҰ талаптарына сәйкес ЕАЭО кеден заңнамасын жүргізу қажеттілігін негіздейді.

**Нәтижелер**

Бүгінгі таңда параллель импорт Қазақстанда зияткерлік меншік құқығын бұзудың ең көп таралған түрлерінің бірі болып табылады, өйткені көптеген кәсіпкерлер осы тауарлар қандай да бір себептермен арзанырақ болатын басқа елдерден түпнұсқа тауарларды келісілмеген алып келуді жүзеге асырады[10].

Тауар белгісін түпнұсқа өнімде пайдалану тауар белгісіне «құқықтардың сарқылуы» ұғымымен тығыз байланысты болып келеді. Белгілі бір елде белгіленген айрықша құқықтың сарқылу қағидасы осы елдің аумағында құқық иесінің бақылауынан тыс қай сәттен бастап оған салынған тауар белгісімен тауар айналымы жүзеге асырылатындығын анықтайды.

Тауар белгісіне құқықтардың сарқылуы, егер бұл тауарды құқық иеленушінің өзі немесе оның келісімімен айналымға енгізілген болса, құқық иеленушінің тауарды азаматтық айналымға үшінші тұлғалардың енгізуіне тыйым салу құқығын шектеуді білдіреді.

Алайда, ЕАЭО заңнамасында ЕАЭО тауар белгісіне (Одақтың тауар белгісі) және тауар белгісіне қатысты айрықша құқықты сарқудың өңірлік қағидаты қолданылады. Айрықша құқықты бұзу құқық иеленушінің де, оның келісімімен басқа да адамдардың да ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің кез келгенінің аумағында азаматтық айналымға заңды түрде енгізілген тауарларға қатысты Одақтың тауар белгісін және тауар белгісін пайдалану болып табылмайды (16-тармақ)[11]. Демек, қорғалатын тауар белгісімен таңбаланған тауарлардың Одақ елдерінің бірінің аумағына импорты бүкіл ЕАЭО аумағында айрықша құқықтың сарқылуына алып келеді. Дәлірек қарасақ, Армения Республикасының Заңында айрықша құқықты сарқудың халықаралық қағидаты көзделген (14-баптың 1-тармағы)[12]. Ал, Қырғыз Республикасының Заңы бойынша халықаралық шарт ережелерінің басымдығын бекітеді (43-бап)[13]. Беларусь Республикасының «Тауар белгілері және қызмет көрсету белгілері туралы» Заңына сәйкес тауар белгісіне айрықша құқықтың өңірлік сарқылуы тікелей көзделеді (3-баптың 4-тармағы)[14].

Қазіргі уақытта Қазақстанда ЕАЭО-ға мүшелікті ескере отырып, құқықтардың сарқылуының өңірлік қағидаты қолданылады. Аталған заңның өзгеруіне байланысты тауар белгісі иелерінің құқықтарын қорғау мәселесіне қатысты сот тәжірибесі де өзгерді. Бұған дейін соттар тауар белгілері иелерінің өздеріне тиесілі зияткерлік меншік объектісін заңсыз пайдалануға тыйым салу туралы талаптарын қарастыра отырып, әдетте, құқықтардың сарқылуының халықаралық қағидатын негізге ала отырып, талаптарды қанағаттандырудан бас тартатын[15].

2015 жылдың қазан айынан бастап осы мәселе бойынша сот тәжірибесі өзгере бастады. Соңғы кездері соттар таңбаланған тауар-

---

*[10] Основы охраны и защиты интеллектуальной собственности в Казахстане, 2018. [Электрон. ресурс]. – Қатынау режимі: https://atameken.kz/uploads/content/files/%D0%9E%D1%81%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D1%8B%20%D0%BE%D1%85%D1%80%D0%B0%D0%BD%D1%8B%20%D0%B8%20%D0%B7%D0%B0%D1%89%D0%B8%D1%82%D1%8B%20%D0%98%D0%A1%20%D0%B2%20%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B5.pdf*

*[11] Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау мен қорғау туралы Хаттама (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 26 қосымша). [Электрон. ресурс]. – Қатынау режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31579781#activate_doc=2*

*[12] Law of the Republic of Armenia of May 22, 2010 No. ZR-59 «About trademarks» (as amended on 30-03-2021). [Электрон. ресурс]. – Қатынау режимі: https://www.aipa.am/en/TrademarkLaw/*

*[13] Закон Кыргызской Республики 14 января 1998 года № 7 «О товарных знаках, знаках обслуживания и наименованиях мест происхождения товаров» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 23.03.2020 г.). [Электрон. ресурс]. – Қатынау режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30223739*

*[14] Закон Республики Беларусь от 5 февраля 1993 года № 2181-XII «О товарных знаках и знаках обслуживания» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 18.12.2019 г.). [Электрон. ресурс]. – Қатынау режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30455473*

*[15] Судья Верховного Суда И.Калашникова: «В Казахстане созданы необходимые условия для защиты прав владельцев товарных знаков», 2017 г. [Электрон. ресурс]. – Қатынау режимі: https://sud.gov.kz/rus/massmedia/sudya-verhovnogo-suda-ikalashnikova-v-kazahstane-sozdany-neobhodimye-usloviya-dlya*

ды алып келуді зияткерлік меншік объектісін пайдаланудың дербес нысаны ретінде таниды және тиісінше, құқық иеленушінің тиісті рұқсатынсыз жүзеге асырылған алып келу құқық иеленушінің құқықтарын бұзу болып табылады. Аталған жағдайда, оның бұзылған құқықтарын, соның ішінде шығындарды өтеу арқылы қорғауға құқылы болды.

Мысалы, Қазақстан Жоғарғы Сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі қадағалау сот алқасының 2015 жылғы 9 желтоқсандағы қаулысымен «Р» компаниясының «К» компаниясына тауар белгісінің құқық иесінің айрықша құқықтарын бұзу туралы талабы қанағаттандырылды. Қаулыға сәйкес Қазақстан аумағына таңбаланған тауарларды алып келу Қазақстан аумағында азаматтық айналымға енгізу кезінде тауар белгісін пайдаланудың дербес нысаны болып саналатын. Бұл ретте осы қаулыға сәйкес тауар белгілерін қолдан жасау (контрафакт) және құқық иесінің келісімінсіз түпнұсқа таңбаланған өнімді алып келу (параллель импорт) тауар белгісі заңсыз пайдаланудың әртүрлі жағдайлары болып есептелді.

Жоғарғы Соттың осы шешімінен кейін параллель импорт мәселесі бойынша сот тәжірибесі біртіндеп теңестіріле бастады. Атап айтқанда, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты бастапқыда құқық иелерінің келісімінсіз таңбаланған тауарларды алып келуді жүзеге асырған кәсіпкерлердің пайдасына шешкен екі істі Ақтөбе облыстық сотының апелляциялық сот алқасы қайта қарады. Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының «Г» компаниясының «К» ЖШС-не (2016 жылғы 3 мамырдағы) және «М» компаниясының «К» ЖШС-не (2016 жылғы 13 сәуірдегі) талап қоюы бойынша қаулыларына, жоғарыда аталған компаниялардың талаптарын қанағаттандырудан бас тартқан бірінші сатыдағы соттардың шешімдеріне сәйкес тауар белгісіне айрықша құқықты қорғау туралы құқық иесінің келісімінсіз таңбаланған тауарларды алып келген жауапкердің әрекеттері өзгертіліп, заңсыз деп танылды. Бұл шешімдер Қазақстан Жоғарғы Сотының жоғарыда аталған қаулысын шығару кезінде пайдаланылған дәлелдердің негізінде шығарылды[16]. Осы тұрғыда, Қазақстан Республикасында тауар белгілері иелерінің құқықтарын қорғау үшін қажетті жағдайлар жасалынып келеді.

Дәлірек келгенде, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік реттеу және кәсіпкерлік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 5 қаңтардағы № 407-VI Қазақстан Республикасының Заңымен[17] біраз өзгерістер енгізілді. Соның ішінде, зияткерлік меншік объектілерін кедендік тізілімге тауар белгілерін енгізу рәсіміне де қатысы бар. Енді құқық иелері кеден органдарына өтініш беру арқылы тауар белгілерін зияткерлік меншік объектілерін кедендік тізіліміне енгізуге құқылы (461-бап)[18]. Бұл контрафактіні алып келуге және параллель импортқа жол бермейді. 2021 жылға дейін мұндай рәсім зияткерлік меншік құқықтарын бұза отырып, тауарларды ЕАЭО шекарасы арқылы өткізу фактісін растайтын құжатты ұсыну туралы талаппен күрделене түсті.

Іс жүзінде кеден органдары тауар белгісіне құқықтардың бұзылғанын растайтын ЕАЭО-ның кез келген елінде қабылданған сот шешімінің көшірмесін ұсынуды талап етті. Көбінесе, бұл тауар белгілерін тізілімге енгізуге кедергі келтірді, сонымен қатар контрафактіні және оның иелерінің келісімінсіз түпнұсқа тауарларды алып келу салдарын тудырды. Қабылданған түзетулермен мұндай құжаттарды ұсыну туралы талап алынып тасталады. Сондай-ақ, қазір өтініш және барлық құжаттар тек электронды нысанда берілуі мүмкін болды. Бұл сияқты жаңашылдықтар құжаттарды жинау және өтініш беру рәсімдерін жеңілдетіп қана қоймай, тауар белгілері иелерінің құқықтарын қорғауға септігін тигізеді.

## Қорытынды

Қорытындылай келе, «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» ҚР Кодексі ТРИПС Келісімінде қарастырылған шекара шараларының негізгі талаптарын қанағаттандырады. Сондай-ақ, шекаралық ша-

---

[16] *Параллельный импорт: интересы правообладателя превыше всего. [Электрон. ресурс]. – Қатынау режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34641900&pos=6;-106#pos=6;-106*

[17] *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік реттеу және кәсіпкерлік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 5 қаңтардағы Қазақстан Республикасының № 407-VI ҚРЗ Заңы (2021.31.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). [Электрон. ресурс]. – Қатынау режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000407*

[18] *«Қазақстан Республикасындағы Кедендік реттеу туралы» 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының № 123-VI ҚРЗ Кодексі (2022.14.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). [Электрон. ресурс]. – Қатынау режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37798706#activate_doc=2*

ралар арқылы зияткерлік меншік құқығын қорғау жүйесін жетілдірудің бастапқы себебі болды деп айтуға болады. Дегенімен, ЕАЭО аумағындағы зияткерлік меншік құқықтарын қорғау бойынша кедендік органдарының қызметіне қатысты туындаған мәселелер Қазақстанға да тікелей әсерін тигізеді. Себебі, Одақ аумағында кедендік қорғауды қамтамасыз ету кезінде ЕАЭО заңнамасы негізінде әрекет етеді, алайда реттеудің бір бөлігі мүше мемлекеттердің қарауында болады және ұлттық заңнамамен реттеледі. Сонымен қатар, ЕАЭО кедендік шекарасы шегінде зияткерлік меншік объектілеріне қатысты құқықтарды кедендік қорғауда «ex officio» өкілеттіктерін қолдануда, ЕАЭО мүше елдеріндегі айрықша құқықтардың сарқылу қағидаттарындағы айырмашылықтарға алып келеді. Аталған айырмашылықтарды Одақ аумағындағы мүше мемлекеттер арасында реттеудің тиімді тетігін және әдістемесін дамытуды талап етеді.

## ӘДЕБИЕТ

*1. Otero García Castrillón C. Protection of Intellectual Property through border measures in the European Union// ANNALI ITALIANI DEL DIRITTO D'AUTORE DELLA CULTURA E DELLO SPETTACOLO. MILANO - DOTT. A. GIUFFRÈ EDITORE, 2012. - pp. 220-267.-[electronic resource]. - available at: https://eprints.ucm.es/id/eprint/19938/1/AIDA_Castrillon.pdf*

*2. Fink, C. 2009. "Enforcing Intellectual Porperty Rights: an Economic Perspectives." In ICTSD (2009). The Global Debate on the Enforcement of Intellectual Property Rights and Developing Countries, ICTSD IPRs and Sustainable Development Programme, Issue Paper No.22, International Centre for Trade and Sustainable Development, Geneva, Switzerland.-[electronic resource]. - available at:https://www.files.ethz.ch/isn/102256/2009-03_fink-correa-web.pdf*

*3. Сорокин А.М., Сорокин М.А. Актуальные направления развития института единого таможенного реестра объектов интеллектуальной собственности Евразийского экономического союза //Азимут научных исследований: экономика и управление. – 2018. – Том 7. - № 4(25). – С.291-294*

*4. Bronkerz M.S.E. Dzh., Verkaz D.V.F., MakNelis N.M. Mery po obespecheniju sobljudenija prav intellektual'noj sobstvennosti Soglashenie TRIPS Soglashenie po Torgovym Aspektam Prav Intellektual'noj Sobstvennosti. Materialy TACIS, Brjussel' 2001*

*5. Сорокин А.М. Развитие государственных услуг в сфере таможенного контроля (на примере товаров, содержащих объекты интеллектуальной собственности). Дис. канд. экон. наук. Москва, 2017. 209 с.*

## REFERENCES

*1. Otero García Castrillón C. Protection of Intellectual Property through border measures in the European Union// ANNALI ITALIANI DEL DIRITTO D'AUTORE DELLA CULTURA E DELLO SPETTACOLO. MILANO - DOTT. A. GIUFFRÈ EDITORE, 2012. - pp. 220-267.-[electronic resource]. - available at: https://eprints.ucm.es/id/eprint/19938/1/AIDA_Castrillon.pdf*

*2. Fink, C. 2009. "Enforcing Intellectual Porperty Rights: an Economic Perspectives." In ICTSD (2009). The Global Debate on the Enforcement of Intellectual Property Rights and Developing Countries, ICTSD IPRs and Sustainable Development Programme, Issue Paper No.22, International Centre for Trade and Sustainable Development, Geneva, Switzerland.-[electronic resource]. - available at:https://www.files.ethz.ch/isn/102256/2009-03_fink-correa-web.pdf*

*3. Sorokin A.M., Sorokin M.A. Aktual'nye napravlenija razvitija instituta edinogo tamozhennogo reestra ob#ektov intellektual'noj sobstvennosti Evrazijskogo jekonomicheskogo sojuza //Azimut nauchnyh issledovanij: jekonomika i upravlenie. – 2018. – Tom 7. - № 4(25). – S.291-294*

*4. Bronkerz M.S.E. Dzh., Verkaz D.V.F., MakNelis N.M. Mery po obespecheniju sobljudenija prav intellektual'noj sobstvennosti Soglashenie TRIPS Soglashenie po Torgovym Aspektam Prav Intellektual'noj Sobstvennosti. Materialy TACIS, Brjussel' 2001*

*5. Sorokin A.M. Razvitie gosudarstvennyh uslug v sfere tamozhennogo kontrolja (na primere tovarov, soderzhashhih ob'ekty intellektual'noj sobstvennosti). Dis. kand. jekon. nauk. Moskva, 2017. 209 c.*